# «НҰРБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ № 25 ХАТТАМАСЫ

**Қоғамның (Басқарманың) атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері:** «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10 «В»;
**Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілген күн:** 21 ақпан 2025 жыл;
**Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілген жер:** Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10 «В», мәжіліс залы;
**Акционерлерді тіркеудің басталуы:** 09 сағат 00 минут;
**Акционерлерді тіркеудің аяқталуы:** 09 сағат 55 минут;
**Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының басталуы:** 10 сағат 00 минут;
**Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының аяқталуы:** 10 сағат 13 минут.

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы/жиналыс) келесі тіркелген акционерлер қатысты:

1. «JP Finance Group» ЖШС, 11 856 791 жай акцияға және 15 000 артықшылықты акцияға ие, оның атынан 07.02.2025 жылғы сенімхат негізінде іс-әрекет ететін Шарипбаева Дильнар Нурлановна.
2. «J.A. Collection Company» ЖШС, 805 938 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін директоры Нуршаихова Жаннат Адильхановна.
3. «KSP Steel» (КейЭсПи Стил) ЖШС, 536 506 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін бас директоры Ержанов Болат Калиевич.
4. «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ, 48 887 жай акцияға және 120 398 артықшылықты акцияға ие, оның атынан 04.02.2025 жылғы №22 сенімхат негізінде іс-әрекет ететін өкілі Талаева Эльмира Кадырбековна.
5. «Нұр Лизинг» лизингтік компаниясы» «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» ЖШС, 9 918 жай акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін бас директоры Абдықалық Дархан Толеуұлы.
6. «MONEY EXPERTS» «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» АҚ, 2 576 жай акцияға және 1 266 артықшылықты акцияға ие, оның атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін Басқарма төрайымы Шайхиева Ляззат Кынатовна.

Ильяшев Альнур Кайратович, 1 жай акцияға ие, 9.10-да тіркелді және акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетін орыннан 9.15-те шығып кетті.

**Шақырылғандар:**
«Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевна;
«Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумарович;
«Нұрбанк» АҚ Басқарушы директоры - Заң департаментінің директоры Трофимов Николай Андреевич;
«Нұрбанк» АҚ Заң департаменті директорының орынбасары Сальникова Наталья Александровна;
«Нұрбанк» АҚ Капитал басқармасының бастығы Туктубаев Надир Узбекович;
«Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрайымы Аппаратының басшысы Скакова Жайнагуль Сериковна.
Жалпы жиналысқа Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілі Бейсенбаева Шолпан Серикбековна қатысты. («Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің «Нұрбанк» Акционерлік қоғамына өкілдерін тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасы орынбасарының 2024 жылдың 30 желтоқсанындағы №Б-425 бұйрығына сәйкес)

## 1. КВОРУМ

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын «Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевна ашты, акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылармен сәлемдесті және күн тәртібінде көрсетілген бірқатар мәселелерді шешу үшін Директорлар кеңесінің бастамасымен «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылғанын хабарлады.

Г.А. Мусатаева «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте «Нұрбанк» АҚ-ның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 98,27%-ын құрайтын, «Нұрбанк» АҚ-ның 13 260 617 жай акциясына ие акционері мен олардың өкілдері тіркелгенін хабарлады.

Сонымен қатар, Г.А. Мусатаева «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына «Нұрбанк» АҚ-ның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 98,27%-ын құрайтын, «Нұрбанк» АҚ-ның 13 260 616 жай акциясына ие тіркелген акционерлер мен олардың өкілдері қатысатынын хабарлады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін кворум қамтамасыз етілді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 45-бабының 1-тармағында белгіленген акционерлердің жалпы жиналысын өтті деп тану үшін қажет және күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін құқылы кворум қамтамасыз етілді. Соған байланысты акционерлердің жалпы жиналысын ашық деп санау және мәселелерді қарауды бастау ұсынылды.

## 2. ХАБАРЛАМА

Г.А. Мусатаева «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 41-бабының 2-тармағына сәйкес әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізілді, сондай-ақ «Нұрбанк» АҚ-ның www.nurbank.kz. ресми интернет-ресурсында және www.dfo.kz интернет-ресурсында жарияланды деп хабарлама жасады. Хабарламаларда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында қаралатын және олар бойынша шешімдер қабылдануы тиіс күн тәртібінің мәселелері баяндалған.

## 3. ДАУЫС БЕРУ ФОРМАСЫ

Г.А. Мусатаева жиналыста акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша «бір акция – бір дауыс», процедуралық мәселелер бойынша «бір акционер – бір дауыс» қағидасы бойынша ашық дауыс беру формасын таңдауды ұсынды.

Дауыс беруге 6 дауыс қатысты.
**Дауыс берудің қорытындысы:**
**«ИЯ»** - 6 дауыс;
**«ҚАРСЫ» -** жоқ;
**«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»** - жоқ.

Г.А. Мусатаева дауыс берудің нәтижелері бойынша: жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша және жалпы жиналыста процедуралық мәселелерді қарау кезінде «бір акционер – бір дауыс» қағидасы бойынша ашық дауыс беру формасы таңдалсын деп шешілгенін хабарлады.

**4. ЖИНАЛЫСТЫҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН ХАТШЫСЫ**

Г.А. Мусатаева кезектен тыс жалпы жиналыстың төрағасы етіп «Нұрбанк» АҚ Басқарушы директоры - Заң департаментінің директоры Трофимов Николай Андреевичті, есеп комиссиясының функцияларын жүктей отырып және акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасы мен дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы әзірлеуге жауапты тұлға ретінде жиналыс хатшысы етіп «Нұрбанк» АҚ Заң департаменті директорының орынбасары Сальникова Наталья Александровнаны сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауысқа салынды.

**«ИЯ»:**
1. «JP Finance Group» ЖШС – 1 дауыс;
2. «JA Collection Company» ЖШС - 1 дауыс;
3. «KSP Steel» (КейЭсПи Стил) ЖШС - 1 дауыс;
4. «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ - 1 дауыс;
5. «Нұр Лизинг» лизингтік компаниясы» «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» ЖШС - 1 дауыс;
6. «MONEY EXPERTS» «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» АҚ - 1 дауыс.

**Дауыс берудің қорытындысы:**
**«ИЯ»** - 6 дауыс;
**«ҚАРСЫ»** - жоқ;
**«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»** - жоқ.

Акционерлер Трофимов Николай Андреевичті акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының төрағасы (бұдан әрі – Жиналыс төрағасы) деп, ал Сальникова Наталья Александровнаны есеп комиссиясының функцияларын жүктей отырып және акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасы мен дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы әзірлеуге жауапты тұлға ретінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының хатшысы (бұдан әрі – Жиналыс хатшысы) деп бірауыздан сайлады.

**5. КҮН ТӘРТІБІ**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту».

Акционерлерге жиналыстың күн тәртібін толықтыру бойынша ұсыныстардың болуы туралы хабарлау үшін сөз «Нұрбанк» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Камалеев Рустем Гумаровичке берілді. Р.Г. Камалеев «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 43-бабында қарастырылған тәртіппен, «Нұрбанк» АҚ-ның ірі акционері болып табылатын «JP Finance Group» ЖШС-дан 2025 жылдың 21 ақпанына белгіленген «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін келесі мәселелермен толықтыру ұсынысы түскенін хабарлады:

1. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау;
2. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшесіне сыйақы төлеу, шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау.

Р.Г. Камалеев «Нұрбанк» АҚ-ның акционерлері осындай толықтырулар туралы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей хабардар етілгенін және ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, «Нұрбанк» АҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылғанын хабарлады.

Жиналыс төрағасы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібін бекітуге ұсынды:

1) Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
2) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.
3) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау.
4) «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшесіне сыйақы төлеу, шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау.

Жиналыс төрағасы акционерлер мен акционерлердің өкілдеріне: «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту» туралы бірінші мәселені дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 616 дауыс қатысты.
**Дауыс берудің қорытындысы:**
**«ИЯ»** - 13 260 616 жай дауыс беретін акция;
**«ҚАРСЫ»** - жоқ;
**«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»** - жоқ.

Жиналыс төрағасы бірауыздан:

**«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін**
деген шешім қабылданғанын хабарлады.

Күн тәртібіндегі «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау» туралы екінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы сөз кезегін Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевнаға берді.

«Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевна «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 36-бабына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын, сондай-ақ «Нұрбанк» АҚ алдында тұрған мәселелерді шешу үшін

Фролов Александр Леонидовичті - 2024 жылдың 28 мамырында «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында белгіленген, «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамының өкілеттік мерзіміне «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау ұсынылатынын хабарлады (28 мамырда өткізілген жиналыста мерзім 2029 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу күніне дейін белгіленді.). Аталған үміткердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті білімі және сәйкесті біліктілігі мен тәжірибесі бар. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жеке тұлға болып табылады. Жалпы жиналыстың материалдарында үміткер туралы мәліметтер бар.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша акционерлер мен акционерлер өкілдерінен сұрақтар қойылмағандықтан, жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ұсынылған шешімді дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 616 дауыс қатысты.
**Дауыс берудің қорытындысы:**
**«ИЯ»** - 13 260 616 жай дауыс беретін акция;
**«ҚАРСЫ»** - жоқ;
**«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»** - жоқ.

Жиналыс төрағасы бірауыздан:

**Фролов Александр Леонидович - 2024 жылдың 28 мамырында «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында белгіленген, «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамының өкілеттік мерзіміне «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын**
деген шешім қабылданғанын хабарлады.

Күн тәртібіндегі «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау» туралы үшінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы сөз кезегін «Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевнаға берді.
«Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевна қатысушыларға Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабына сәйкес, Директорлар кеңесінің сан құрамын анықтау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататындығын хабарлады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 54-бабына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесінің кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы керек.
Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып:
- «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын 3 (үш) адам санында белгілеу ұсынылады.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен комментарийлер түспеді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ұсынылған шешімді дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 616 дауыс қатысты.
**Дауыс берудің қорытындысы:**
**«ИЯ»** - 13 260 616 жай дауыс беретін акция;
**«ҚАРСЫ» -** жоқ;
**«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»** - жоқ.

Жиналыс төрағасы бірауыздан:

**«Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) адам санында белгіленсін**
деген шешім қабылданғанын хабарлады.

Күн тәртібіндегі «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшесіне сыйақы төлеу, шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау» туралы төртінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы сөз кезегін «Нұрбанк» АҚ Басқарма төрайымы Мусатаева Гульнара Абаевнаға берді.

Басқарма төрайымы Г.А. Мусатаева Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттары туралы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататындығын хабарлады. Осыған байланысты:

- «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Фролов Александр Леонидовичке сыйақы төлеу, шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы хаттамасының 1-Қосымшасына сәйкес белгілеу ұсынылады.

Жиналыс төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды. Күн тәртібінің мәселесі бойынша сұрақтар мен комментарийлер түспеді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ұсынылған шешімді дауысқа салды.

Дауыс беруге 13 260 616 дауыс қатысты.
**Дауыс берудің қорытындысы:**
**«ИЯ»** - 13 211 729 жай дауыс беретін акция;
**«ҚАРСЫ» -** 48 887 жай дауыс беретін акция;
**«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»** - жоқ.

Жиналыс төрағасы көпшілік дауыспен:

**«Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Фролов Александр Леонидовичке сыйақы төлеу, шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы хаттамасының 1-Қосымшасына сәйкес белгіленсін**
деген шешім қабылданғанын хабарлады.

## 6. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша келесі шешімдерді қабылдады:

1. «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін.
2. Фролов Александр Леонидович - 2024 жылдың 28 мамырында «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында белгіленген, «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамының өкілеттік мерзіміне «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.
3. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) адам санында белгіленсін.
4. «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Фролов Александр Леонидовичке сыйақы төлеу, шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы хаттамасының 1-Қосымшасына сәйкес белгіленсін.

## 7. ҚОРЫТЫНДЫ

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды және талқыланды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды, соған байланысты «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2025 жылдың 21 ақпаны күнгі сағат 10-нан 13 минут өткенде жабылды деп жарияланады.

**Жиналыс төрағасы** _____________________ **Н. Трофимов**

**Жиналыс хатшысы** _____________________ **Н. Сальникова**